

11. Әлем. Бірінші жыл шығуы: альманах. – Алматы: Жазушы, 1991. – 496 б.
12. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы: Ғылым, 1974. – 288 б.
13. Пропп В.Я. Фольклор. Литература. История. – Москва: Лабиринт, 2002. – 464 с.

Уажав Ақбөпе Маратқызы
Филология факультетінің 2 курс студенті
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

*Ғылыми жетекші:
ф.ғ.д., профессор Б.С.Рахимов*

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ АБЫЛАЙ ХАН БЕЙНЕСІ

Қазақ тарихында үш жүздің басын біріктіріп, ерлігі мен қолбасшылығының арқасында атақ-даңққа бөленген, әділ әрі көреген көшбасшылардың бірі - Абылай хан. Оның ерлік істері мен мағыналы өмірі жөнінде бүгінге дейін сақталған тарихи жырлар, аңыздар, өлеңдер мен дастандар т.б. көптеп кездеседі. Абылай тарихы қазақ халқы үшін өте қиын, аса ауыр кезеңмен тұспа-тұс келеді. XVIII ғасырда жоңғар қонтайшылары қазақтың шұрайлы жері Жетісу мен оңтүстіктегі қалаларына көзін тігіп, басып алу сәтін күтіп отырған болатын. Бұл жәйт тарихи жырларда да көрініс табады.

Қазақ тарихи жырларының ішінде әйгілі ханның балалық шағы Абылай атануы билікке араласуы қаһарлы жоңғарларды жеңуі толықтай эпикалық жырдың өзегіне айналған /1, 158-160/. Абылай өміріне қатысты «Абылай хан», «Сабалақ», «Абылай хан әңгімесі», «Абылай туралы жыр», «Қалдан Серен Абылайды тұтқынға алғаны», «Сабалақ – Абылай хан», «Сабалақ» (қисса), «Абылай мен Олжабай», «Сабалақ, Әбілмансұр, Абылай хан», «Абылай хан... Ақ атан» атты жырлар бар. Олардың біршамасы күні кеше ғана жарыққа шығып, халқымен қайта қауышты /2/. Кеңес дәуірінде саясаттың құрбаны болып, “шынжыр балақ, шұбартөс” атанған Абылай бейнесі ел тәуелсіздігі арқылы өз шындығын тапты.

Айтулы ақын, шежіреші Мәшһүр Жүсіп Көпеев те: «Абылай туралы», «Абылай заманында қазақтан шыққан батырлар», «Абылай хан мен Қалдан», «Абылай ханның бір жорығы» тағы сол сияқты аңыз-әңгімелерді бізге жеткізді /3/. Ол жоңғарлардың қазақ жеріне үздіксіз шабуылы кезінде дүниеге келіп, 13 жасқа жеткенде әкесінен айырылады. Үлкен атасы – Абылай, әкесі – Уәлихан. Көркем Уәли Түркістанды билеген сұлтан болған. Оны өзіне адал берілген құлы құтқарып қалады. Бұл жайында жырда былай делінеді:

«Нағашы Қайып ханға барған ауып,
Тұрып қалды сол жақта тыныштық тауып.
Жетім-жесір боп қалды Уәли хан,
Елімен Қайып ханның қалмақ шауып.
Ақтабан шұбырынды аштық көріп,
Ел кетті бет-бетімен қайың сауып.
Жетім бала Әбілмансұр жылайды енді,
Еліне жетер емес қайта тауып» /4/.

Бұдан кейін жырда Абылайдың Жоңғар ханы Қалдан Цереннің жиені Шарышты өлтірген кезінде 20 жаста болғандығы жайында айтылады:

«Мың жеті жүз отыз бірінші жылы басталыпты,
Әуелде қазақ, қалмақ қастаныпты.
Ұлы жүзден Қангелді, Дулат кетіп,
Ел есе жібермеске күш салыпты.
Басынан Орта жүздің батыры көп,
Ұлы жүз жуастықпен бос қалыпты.
Хабарды Ұлы жүзге жіберген соң,

Әрине, жібермек боп хош алыпты.
Тағы да жіберіпті Кіші жүзге,
«Қалмақпен шабысамыз келсін бізге».
Ұлы жүзден Қангелді, Дулат кетті,
Намыс шығар, ойлаңдар, о да сізге» /5/.

Осыған көз жүгіртсек, жырда соғысқа аттанған батырлар есімдері де мол кездеседі: Қангелді, Дулат, т.б. Бұл, әрине, батырлар есімдерінен хабар береді. Дәл осы сұрапылда қазақтың елім мен жерім деген әйгілі батырлары, би-шешендері тарих сахнасына шықты. Міне, осындай ел басына қара күн туғанда жауға қарсы шығар қазақтың ұлдары жиналып жатқанда, Абылай да Төле биден рұқсат сұрап, ұрысқа аттанады.

«Қалданның жиені Қоңтәжінің баласы Шарыш деген батырды Қалдан өз орнына жіберіп, Шөкаман батырды қосып жіберіп, «қазақты жесір-жетім қылып алып кел» деп, күшін жиып жіберген екен. Сонда Шарыш бала «өзіме ханды шығарсын» деп кісі салып, қазақ әуелі «батырлар шықсын» деп ханды шығармайды, қалмақтың белгілі аты шулы батыры Шөкаман шығыпты» /6/. Қазақтар жағынан ешқандай батырдың жүрегі дауаламайды, сол уақытта Абылай «маған батаңызды беріңіз» деп хан алдына барады. Екі жақтың жекпе-жек қақтығысында Сабалақ «Абылайлап» жеңіске жетеді. Ол Қоңтайшының баласы Шарышты да жер қаптырады. Осы шайқаста Сабалақтың «Абылайлап» шабуына қатысты көзқарастар мазмұны әрқилы. Мысалы, бір көзқарас бойынша, ол – «Абылай өзінің атасының аруағына сыйынды» десе, тағы бір көзқарасты тарихшы Талас Омарбеков ағамыз былай деп көрсетеді: «Меніңше, Аңырақай шайқасы қызып жатқан кезде Төле би мен Қазыбек би екеуі Әбілмансұрды ұрысқа әдейі қосқан. Ұрыста «Абылайлап» шабуды оның өзі емес, Төле би мен Қазыбек би ойлап шығарған. Төле би мен Қазыбек би осы ұрысты басқарып отырған. Сабалаққа «Абылай!» деп шап» деген. Сол сәтте елдің бәрінің назары Әбілмансұрға ауған. «Неге Абылай деп шаптың?» деген кезде, ол өзінің Абылайдың ұрпағы екенін айтқан. Төле би мен Қазыбек би Сабалақты қолдай кеткен соң, орта жүздің ханы Әбілмәмбет «ойбай, бауырымдап» құшақтай алған. Өйткені «Көркем Уәлидің баласы жетім қалды» дегенді ол баяғыда естіген. Мәселенің мән-жайын егжей-тегжейлі білмегендіктен, Әбілмәмбет оны «төре» деп қабылдап, үнемі жанында ұстаған. Сабалақ аты ұмытылып, Абылай атанған. Уақыт өте келе Әбілмәмбет емес, мәселенің бәрін Абылай шешетін болған» /2, 235-237/. Яғни, бұл мәселе Абылайдың шежіресіне қатысты деректің біржақты еместігіне байланысты туындап отыр. Фольклорлық мұра дәлме-дәл тарихты қаз қалпында баяндайды деген пікір тумаса керек. Абылайға қатысты сандаған жырау, жыршылар шығармалар туғызды. Алайда жырлардың әрқайсысында қайшылықтар да кездеспей тұрмайды. Бұл, әрине, заңды құбылыс. Себебі әр жыршы өзінше жырлайды, жырланған жыр кейінгіге жеткенше қанша уақыт өтіп, қанша ұрпақ ауысады. Десек те, фольклор адамзат, халық өмірінің сан-қырын жан-жақты көрсете алады. Одан халықтың тұрмысы, салты, тіршілігі т.б. жөнінде көптеген пайдалы мәліметтерді ала аламыз. Филология ғылымдарының докторы, профессор, академик С. Қасқабасов пікіріне сүйенсек, ол былай дейді: «Фольклор адам тіршілігімен тікелей байланысты... халық тарихындағы маңызды оқиғаларды қамтып, солардың негізінде жаңа шығармалар туындап, тарихи қайраткерлер жайында әңгімелейді... Фольклор халықтың өзінің тарихқа қатысын, көзқарасын танытады, маңызды оқиғалар мен көрнекті тұлғаларға берген халықтың бағасын, қарым-қатынасын көрсетеді» /7/. Бұл пікірдің орынды екендігіне біз Абылай туралы аңыз, тарихи өлең-жырларды оқу арқылы көз жеткіздік.

Тарихи жыр, дастандардың ауыз әдебиетінің өзге салаларынан ерекшелігі әрі артықшылығы ондағы ақпарат нақты өмірден аса алшақ емес. Онда адам сенгісіз, қиял-ғажайып элементтері кездеспейді. Міне, тарихи жырлар осынысымен де құнды. Жырдың ең бір тарихи нақтылығы, көркемдік мәнділігі сол – онда Абылай бейнесі шежірелік-өмірбаяндық арнадан бастау алып, ірі қоғамдық, халықтық кесек тұлғаға дейін өрбіп өседі.

Осы ретте айта кететін аса маңызды шығармалардың бірі – Бұқар жыраудың «Ай, Абылай, Абылай» деп басталатын толғауы. Онда ұлы жырау:

«Ай, Абылай, Абылай,
Сені мен көргенде,
Тұрымтайдай ұл едің.
Түркістанда жүр едің,
Әбілмәмбет патшаға,
Қызметкер болып тұр едің.
Қалтақтап жүріп күнелтіп,
Үйсін Төле бидің
Түйесін баққан құл едің.
Сен жиырма жасқа жеткен соң,
Алтын тұғыр үстінде
Ақ сұңқар құстай түледің.
Дәулет құсы қонды басыңа,
Қыдыр келді қасыңа.
Тақ үйіне түнедің,
Алыстан тоят тіледің.
Қылышыңды тасқа біледің,
Алмаған жау қоймадың,
Алған сайын тойладың,
Нәсібіңді жаттан тіледің», –

деп /8/ Абылайдың балалық шағынан бастап бүкіл болмысын сипаттап береді. Жыраудың Абылайдың ел басқару ісіне етене араласып, ақыл-кеңесін айтып, тіпті, қатесін бетіне айтып отырған. Оны мына шығармаларынан да байқауға болады: “Ал, тілімді алмасаң”, “Ханға жауап айтпасам” дейтін толғаулары бүкіл қазақ қауымына белгілі екені мәлім.

«Қазақтың аңыз-жырларында, – деп жазған Шоқан Уәлиханов, – Абылай есімі өте бір әсерлі мәнге ие болған. Жұрт Абылай дәуірін қазақ қаһармандығының кемелденген тұсы деп сезінеді. Абылайдың жорықтары, батырларының ерлігі тұрмыстық-салттық дастандардың арқауына айналған» /9/. Аңыз әңгімелер бір жағынан әдеби мұра болса, екінші жағынан тарихи мәні бар мұра. Өйткені аңыз әңгімелер тарихи қайраткерлер жайында әңгімелейді, халықтың тарихқа қатысын, көзқарасын танытады. Маңызды оқиғалар мен көрнекті тұлғаларға берген халықтың бағасын, қарым - қатынасын көрсетеді.

Фольклорлық шығарманың жүйелі сюжетін құруда мотивтер ерекше қызмет атқарады. Қазақ аңыздарында жиі кездесетін тұрақты мотивтерді Абылай туралы аңыздардан да кездестіреміз. Соның бірі жас баланың жетім қалып, кейіннен ел сүйіктісіне айналу сарыны болатын. Атақты тұлғалардың жас күнінде жетімдік күйін шегіп, елден жыраққа кетіп аңшылықпен, болмаса қарапайым кісілердің қолында малшы болып күн кешіп, кейін өзіне лайықты орынға (таққа) ие болуы - фольклорда жиі кездесетін мотив. Жетімдік – болашақ билеушінің ғұмырнамасындағы ажырамас, тұрақты бөлік. Ол – кейіпкерді төменнен жоғарыға қарай өрлетудің тұрақты формасы, халық эстетикасының қаһарманды дәріптеу мақсатынан туындаған көркемдік тәсілі. Халық аңсары мен тілегі билік басындағы ханның тағдырын кара бұқараның тағдырына ұқсас болуын қалайды және билікке өз басының жеке қадір - қасиеті арқылы көтерілген кісінің келгенін көксейді. Дәл сол сарын Абылай хан туралы аңыздарға да тән. Әкесі Түркістанды жаулап алған көрші билеушінің қолынан қаза тапқан он үш жасар Абылайды оған қалтқысыз берілген бір құлы аман алып қалады. Ол оны қазақ даласына алып қашады. Қазақ даласына келген Абылай Жақсылық руының бір бай кісісіне қызметі туралы баяндалады.

Келесі дәстүрге айналған сарын - жасырын атпен жүріп, кейіннен жалпы жұртқа жағымды тұлғаға айналады. Бұндай оқиғалар эпикалық сюжеттердегі тұрақты кездесетін мотивтердің бірі деуге болады. Қазақ аңыздары лақап есімді таңуда қаһарманның лауазымы мен атқарған ерлік істеріне байланысты аталатыны көне түркілік дәстүрді сақтаған. Ел билеген хандардың бір тобына даналық, данышпандық қызметтері үшін (Өз - Жәнібек, Өз - Тәуке хан) «әз» деген лақап қосылса, жауға қарсы ерлік, батырлық істерімен көзге түскен хандарға «арыстан, ер, салқам, баһадүр» (Еңсегей бойлы ер Есім, Салқам Жәңгір, Әбілқайыр баһадүр, Абылай баһадүр) деген лақап есімдер қосылып отыратыны ежелгі жыр аңыздардың мәлімі.

Келесі бір маңызды мотивті қаһарманның алғашқы ерлігінен танымыз. Түркілік аңыз - жырларда батырлар көрсеткен алғашқы ерлік түрлері сан алуан. Қаһарманның алғашқы ерлігіне жеке дара жауға шауып, асқан батырлық көрсету, жабайы аңды өлтіру, түрлі күрес, сайыста жеңіп шығу, т. б. жатады. Алғашқы ерлік сынына дейін болашақ батыр елеусіз, атақ - даңқсыз жүреді. Ал аталмыш сыннан өткеннен кейін ол шексіз құрметке, атақ - даңққа ие болады, ер атанады. Сабалақтың жаңа батырлық «Абылай» есімі қалмақ батыры Шаршыны жеңгеннен кейін қойылады. Жауға бабасының атын атап, “Абылайлап” шабуы, оның алғашқы есімі Әбілмәнсүрді де, кейінгі Сабалақ есімін де өзгертеді. Сөйтіп, оның батырлығын баяндай бастайды.

Абылайдың қаһармандық жорықтары “шексіз билікке ие болам” деген билікқұмарлық емес, қазақ халқының қалмақтарға кеткен кегін, өзге жұрт билеген қазақтарға өз биліктерін қайтару мақсатында болды. «Орыспен жауласпады - ел болды, шүршітпен жауласпады – ел болды, екеуіне де тіл болды. Өзіне - өзі әбден келді, кемеліне толды. Енді Үргеніш, Бұқара, Қоқан, Ташкент жанындағы қазақты сыртқа билетіп қоймаймын деп, үш жүздің баласына жар шақыртып, қосын жинап аттанады», - деп баяндайды аңыз. Бүгінде Абылайға қатысты жазылған көркем шығармаларда фольклорлық сарын басым. Ханның замандастары: Бұқар жырау, Үмбетей жырау, Тәтіқара жырау, Көтеш жыраулардың толғауларынан ауызша айтылып келген аңыз-әңгімелерден халық жадында ханның тұлғалық бейнесі қалыптасқан еді. Абылай заманы елдікті ту еткен көптеген ұлт қайраткерлерінің жарқырап көрініп, қазақтың іргесінің берік бола түсуіне ықпал етті. Олардың қатарында Бұқар жырау, Төле би, Қазыбек би, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Шапырашты Наурызбай және тағы ұлттық тарихымыздың алыптары бар. Абылай хан қашан ерлігімен танылғанша, сол кезде қолбасшылығымен танылып жүрген Жәнібектің қарауында қатардағы сарбаздың бірі болған. Оған әйгілі Айтбай батырдың Абылайға айтқан: «Абылай, сен Орта жүзге келгенде, жұлдызың туды оңыңнан. Түйе баққан жаяулап, айрылдың қалың сорыңнан. Көкбестідей ат мініп, Қошқарұлы Жәнібектің тобынан, Қалмақты шауып бақ таптың, алғашқы барған жолыңнан» деген сөздері куә. Бұған ханға қатысты аңыз, толғау, тарихи жырлардан да толықтай дәлел-деректер ұшырасады. Шақшақ Жәнібек өз кезінде Абылай ханға үш рет бата берген. Оның біріншісі – Абылайдың алғаш Шарышпен жекпе-жекке шығарында, екіншісі – Сабалақ атын тастап, Абылай атанғанда, үшіншісі – оны ақ киізге отырғызып, хан көтергенде. Қазақтың дуалы ауыз билері – Төле, Қазыбек, Әйтекелер тұрғанда, «Көмекей әулие» атанған ұлы жырау Бұқар тұрғанда, жаңа ханға бата беру жолының Жәнібекке тиюі – оның кезінде қандай адам болғанын, ел алдындағы беделінің деңгейін, тарихтан алар орнын көрсетсе керек /10/.

Міне, батыр Сабалақ, бала Әбілмәнсүр, әйгілі хан Абылайдың фольклордағы бейнесі көнеден бүгінге осылай жалғасып жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Рахимов Б. С. Қазақ тарихи жылдарының поэтикасы (монография). - Алматы: Эверо, 2015-320 б.
2. Абылай хан /Тарихи жырлар/ - Алматы: Жазушы, 1993-417 б.
3. Қазақ халық әдебиеті: көп томдық. – Алматы: Білім, 1995. – 288 б.
4. Бабалар сөзі. Тарихи жырлар. 57 том. – Астана: «Фолиант», 2010. – 215 б.

5. Бабалар сөзі. Тарихи жырлар. 57 том. – Астана: «Фолиант», 2010. – 175 б./.
6. Бабалар сөзі. Тарихи жырлар. 57 том. – Астана: «Фолиант», 2010. – 179 б./.
7. /Қасқабасов С. Миф пен эпсананың тарихилығы. /Қазақ фольклорының тарихилығы. – Алматы: Ғылым. – 1993. – 82 б./.
8. Бес ғасыр жырлайды. 2 томдық. /Құраст. М. Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. 1. – 91 б.
9. Абылай хан. Кенесары: (проблемы национально-освободительного движения). – Алматы: Ғылым, 1993. – 9-10 бб.
10. А.Сейдімбек. Шығ., Т – 5. 478 б.

Аканова Мадина Бекболатовна

«Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжі» КМҚК, 3-курс студенті
akanova.madina06@mail.ru

ӘДЕБИЕТ САБАҒЫН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН «САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН МАҢЫЗЫ

Ғылыми жетекші:

Муханова Гүлден Тұңғышбайқызы

Қазіргі кездегі білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде функционалды сауатты тұлға қалыптастыруға және оның кәсіби шыңдалуына бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау. Осы бағытта оқытудың инновациялық технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу, ұтымды әдістерді тиімді пайдалана білу – маңызды мәселелердің бірі. Әрине, соңғы кездерде түрлі шетелдік ақпараттық коммуникативтік технологиялар (АКТ) өмірімізге, оның ішінде білім беру жүйесіне де көптеп енуде. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқытуда түрлі әдістер мен тәсілдер білім сапасын арттырумен қоса, оқушының жан-жақты дамуына, сыни көзқарасын қалыптастыруға бағытталған. Дегенмен, әдебиетті оқытуда отандық, төл технологияларды қолдануды да естен шығармағанымыз жөн. Атап айтқанда, Қ.Бітібаева, Н. Оразақынованың әдебиетті оқытудағы әдіс-тәсілдері өзінің өзектілігі мен маңызын жоймаған технологиялар екендігі анық. Егер технологияларды басқалардан алуға ғана сүйенетін болсақ, біз өзіміздің ұлттық құндылығымыз бен әдебиетімізді, тіліміз бен тарихымызды тұмшалап, технологиялық және ғылыми тұрғыда басқа дамыған елдерге тәуелділікте боламыз. Сондықтан да тіл мен әдебиет сабақтарында ұлттық болмыс пен мәдениетімізді сақтай отырып, ұлтжанды ұрпақты тәрбиелеуде дұрыс бағытты айқындай алғанымыз жөн. Осы орайда, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында, сондай-ақ, республика көлемінде басқа да пәндерді оқытуда қолданылып жүрген төл технологиялардың бірі – сатылай кешенді талдау технологиясына тоқтала отырып, оның білімді жүйелі, жан-жақты берудегі артықшылығы мен тиімділігін көрсету жұмысымыздың мақсаты болып табылады.

Соңғы жылдары отандық педагогикалық инновация ретінде Н.Оразақынованың «Сатылай кешенді талдау» (СКТ) технологиясы білім беру саласына берік енген. Ол – білімді тек қана бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны меңгертумен шектелмей, баланың жан-жақты дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты танымдық-психологиялық қасиеттерінің жақсы үйлесімін арттыруға бағытталған оқытудың түрі [1; 7].

Бұл ұлттық инновация бірнеше білім беру ұйымдарында қолданылып, бүгінде он шақты пән осы жүйемен оқытылып келеді. Басында қазақ тілі мен әдебиетін кешенді оқытуда қолданылған әдіс, кейіннен ағылшын тілі мен орыс тілін, математика, физика, химия, биология, тарих пәндерін оқытуда да өз тиімділігін көрсетуде.